



**Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ**

**2025 жылғы қаңтар айына
ауа райын болжау бюллетені**



АСТАНА 2024

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қаңтар айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Қаңтар айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	6
2025 жылдың қаңтар айында күтілетін орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы.....	7
Қаңтар айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	7
2025 жылдың қаңтар айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	8
Қаңтар айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	8
2025 жылы Қазақстан аймақтары бойынша қаңтар айында күтілетін орташа ауа температурасы	9
Ауа райының облыстар бойынша графигі	10
2025 жылдың қаңтар айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	12
Батыс Қазақстан облысы	12
Атырау облысы	13
Маңғыстау облысы	14
Ақтөбе облысы	15
Қостанай облысы	16
Солтүстік Қазақстан облысы.....	17
Ақмола облысы	18
Павлодар облысы	19
Ұлытау облысы	20
Қарағанды облысы	21
Абай облысы	22
Шығыс Қазақстан облысы	23
Қызылорда облысы	24
Түркістан облысы	25
Жамбыл облысы	26
Алматы облысы	27
Жетісу облысы	28

АЛҒЫ СӨЗ

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мүмкін екеніне ескеру қажет. Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекенжайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз: 010000, Астана қ. Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталық директоры:

М. Шмидт, тел. 8(7172) 79-83-87

Ұзақ мерзімді ауа райы болжамдары басқармасының бастығы:

Ж. Исабекова, тел. 8 (7172) 79-83-95

Құрастырған АРҰМББ жетекші инженері:

А. Бейсенбаева, тел. 8 (7172) 79-83-95

Аударған - АРҰМББ жоғары санатты техник:

Масалимова Г, тел. (7172) 79-83-95

Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қаңтар айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Қаңтар - жыл ішіндегі ең суық ай. Желтоқсаннан қаңтарға өткенде ауаның орташа айлық температурасының төмендеуі $2-4^{\circ}$, Жоңғар қақпасы тұсында $5-6^{\circ}$ болады, Қазақстанның барлық аймақтары бойынша жыл ішіндегі ең төменгі температура орнығады.

Ауаның орташа айлық температурасы $-2-5^{\circ}\text{C}$ -тан (қиыр оңтүстік және оңтүстік-батыста) $-16-19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін (Қазақстанның солтүстігі мен шығысында), ал Шығыс Қазақстан облысының жекелеген аудандарында $-20-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді.

Кейбір жылдары ауаның орташа айлық температурасы ($-6-14^{\circ}\text{C}$) мөлшерде өте үлкен аралықта ($+5+10^{\circ}\text{C}$) ауытқуы мүмкін, бұл кезде оның кері ауытқуы оң ауытқудан артық болады.

Қаңтарда ауа температурасының тәуліктік ауытқуы желтоқсандағыдан аз болады да, $9-10^{\circ}\text{C}$, оңтүстік-шығыстың биік таулы аудандарында $14-15^{\circ}\text{C}$, Каспий жағалауында бар болғаны $6-8^{\circ}\text{C}$ болады.

Арктикалық ауа енген кезде ең төменгі температура $-48-54^{\circ}\text{C}$ аязға дейін, ал оңтүстік облыстарда $-30-43^{\circ}\text{C}$ аязға дейін жетуі мүмкін. Ең жоғарғы температура кей жылдары $+3+9^{\circ}\text{C}$, Қазақстанның оңтүстік бөлігінде $+15+22^{\circ}\text{C}$ жылыға дейін жоғарылайды.

Қаңтарда желтоқсанмен салыстырғанда жауын-шашынның мөлшері аздау болады, олардың аумақтық таралуы біркелкі емес. Қазақстанның көптеген бөлігінде жауын-шашын 10-нан 20 мм дейін, шөлді аудандар мен Зайсан маңында аз ($6-10$ мм) жауады, ең көп жауын-шашын ($60-80$ мм) Түркістан облысының таулы аудандарында жауады. Олардың ең көп мөлшері 1969 жылы Шуылдақ М 214 мм жетті. Қаңтар айында солтүстік облыстарда жауын-шашын жиі болып тұрады, мұнда есеппен жауын-шашынды күндер 11-15, орталық және оңтүстік облыстарда 6-10 күндей болады.

Солтүстік облыстарда айдың соңына қарай қар жамылғысының қалыңдығы 10-20 см, кей жылдары 35-45 см-ге дейін жетеді. Қар жамылғысының ең аз қалыңдығы оңтүстік облыстардың жазық аудандарында 5-8 см болып тұрады, бірақ мұнда кейбір жылдары оның қалыңдығы 20-25 см-ге дейін жетуі мүмкін. Қардың ең қалың жамылғысы таулы аудандарда 80-168 см. Борандар-республиканың солтүстік бөлігіне тән құбылыс: қаңтарда олар орта есеппен 6-8 тәулік, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстарында бұрқасындар 9-14 тәулік, ал кей жылдары 15-22 тәулікке дейін ұласады.

Тұманды күндердің саны республиканың көптеген аудандарында орташа есеппен 4-7 тәулік, Мұғаджар тауының маңында және оңтүстіктің таулы аудандарында 10-13 тәулік, жекелеген жылдары 23-29 тәулікті құрайды.

Республиканың солтүстігінде көктайғақ сирек байқалады 10 жылда 1-4 рет ғана, оңтүстік аудандарда ол жиілеу, орта есеппен ай бойы 1-3 рет, кейде айына 5-10 күндей болады.


**Қаңтар айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні.
(норма 1991-2020 жж.)**

Облысы	ауа температурасы, °C	жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	-6,8...-11,4	13...28
Атырау облысы	-5,0...-10,0	9...16
Маңғыстау облысы	-0,3...-7,4	9...18
Ақтөбе облысы	-10,0...-14,8	10...30
Қостанай облысы	-14,0...-16,3	10...23
Солтүстік Қазақстан облысы	-15,2...-17,3	12...25
Ақмола облысы	-14,3...-16,9	11...26
Астана қ.	-14,5	18
Павлодар облысы	-13,0...-17,8	11...18
Қарағанды облысы	-11,8...-14,7	11...20
Ұлытау облысы	-11,6...-18,1	5...31
Абай облысы	-12,7...-20,3	6...46
Шығыс Қазақстан облысы	-12,8...-22,2	11...31
Қызылорда облысы	-4,4...-10,7	8...23
Түркістан облысы	-8,1...0,6	14...86
Шымкент қ.	0,6	78
Жамбыл облысы	-3,0...-10,7	10...46
Алматы облысы	-2,6...-13,0	8...38
Алматы қ.	-4,6	35
Жетісу облысы	-5,0...-16,2	1...49


2025 жылдың қаңтар айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Қаңтар айында ауаның орташа температурасы республика аймағының басым бөлігінде *норма шамасында*, еліміздің оңтүстік және оңтүстік - батыс жартысында *нормадан 1-2°-қа жоғары*, Солтүстік Қазақстан облысында, Қостанай облысының солтүстік-шығысында, Ақмола және Павлодар облыстарының солтүстік жартысында *нормадан -1°-қа төмен* болады деп күтілуде.

2025 жылдың қаңтар айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




Қаңтар айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма 1991-2020 жж.)




2025 жылдың қаңтар айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Қаңтар айында жауын – шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *нормадан көп*, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Ұлытау, Павлодар, Абай, Алматы және Жетісу облыстарының басым бөлігінде, Қостанай облысының оңтүстік-шығысында, Қарағанды облысының солтүстік-батысында, Ақтөбе, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарының жекелеген аудандарында *норма шамасында* болады деп болжануда.

2025 жылдың қаңтар айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Қаңтар айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма 1991-2020 жж)



2025 жылдың қаңтар айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстан аймағының басым бөлігінде $-10-22^{\circ}\text{C}$, еліміздің оңтүстік және оңтүстік-батыс жартысында $-1-9^{\circ}\text{C}$, республиканың батысы мен оңтүстігінің жекелеген аудандарында $0,+2^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде.


2025 жылдың қаңтар айындағы күтілетін орташа айлық ауа температурасы




Жыл - аналогы 2016

Қазақстан облыстары бойынша ауа райы кестесі


Батыс Қазақстан облысы




Атырау облысы




Манғыстау облысы




Ақтөбе облысы




Қостанай облысы




Ақмола облысы




Солтүстік Қазақстан облысы




Павлодар облысы




Ұлытау облысы




Қарағанды облысы




Абай облысы




Шығыс Қазақстан облысы




Қызылорда облысы




Түркістан облысы




Жамбыл облысы



Алматы облысы



Жетісу облысы



Шартты белгілер:

- | | | | | | |
|--|--|--|----------------|--|---------------------------------------|
| | кей жерлерде жауын-шашын | | қар | | бұршақ |
| | аздаған жауын-шашын | | нөсерлі қар | | дауыл |
| | қар аралас жаңбыр | | нөсерлі жаңбыр | | найзағай |
| | ылғалды нөсерлі жаңбыр | | шаңды дауыл | | Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейуі |
| | көк тайғақ | | тұман | | |
| | бұрқасын | | | | |
| | көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы | | | | |
| | түнгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | күндізгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы | | | | |

Қазақстан облыстары бойынша 2025 жылғы қаңтар айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-6,5-10,9^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстігінде *нормадан 1° жоғары* (норма: $-6,8-11,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -тан $-18-23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында *түнде* -12°C -қа дейін, *күндіз* -4°C -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -17°C -қа дейін, *күндіз* $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында *түнде* -15°C -қа дейін, *күндіз* -6°C -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-2+3^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 13-28 мм).

Қар бірінші онкүндіктің бірінші жартысында, үшінші онкүндіктің басында және соңында, жауын - шашын (көбінесе қар) - бірінші онкүндіктің соңында, жиі екінші онкүндікте күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында, көктайғақ екінші онкүндіктің басында, ортасында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел $15-20$ м/с жиі бірінші онкүндікте, екінші және үшінші онкүндіктердің соңында күтіледі.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-3,7-8,9^{\circ}\text{C}$, болады деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $-5,0-10,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында түнде -23°C , күндіз -17°C -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін одан әрі төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде түнде -22°C -қа дейін, күндіз -13°C -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде түнде -13°C дейін, күндіз -3°C дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-1-6^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының түнде $-16-21^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстік-батысында -10°C , күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 9-16 мм).

Қар бірінші онкүндіктің бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі, жауын-шашын (көбінесе қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында, көктайғақ екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел $15-20$ м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-5,9+1,2^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $-0,3-7,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде -15°C -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -5°C -қа дейін, күндіз $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+4^{\circ}\text{C}$ -тан 0° -ге дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың батысында түнде $+3^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстік-батысында -3°C -қа дейін, күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+2^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында -7°C -қа дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан, батыста $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -11°C -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың батысында $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 9-18 мм).

Қар бірінші онкүндіктің бірінші жартысында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында, жауын - шашын (жаңбыр, қар) - бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман бірінші және екінші онкүндіктердің соңында болжанады. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-8,6-14,7^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облысының оңтүстік-батысында *нормадан 1° жоғары* (норма: $-10-14,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-18-23^{\circ}\text{C}$ -тан $-23-28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -33°C -қа дейін, *күндіз* $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығыста -23°C -тан, облыстың оңтүстікте *түнде* -12°C -тан -18°C -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -13°C , *күндіз* $-4+1^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде *түнде* -28°C -қа дейін, *күндіз* -15°C -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстікте -15°C -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -20°C -тан, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -20°C -қа дейін, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-18-23^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде *түнде* -28°C -қа дейін, *күндіз* -17°C дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 10-30 мм).

Қар бірінші онкүндіктің басында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында, жауын - шашын (көбінесе қар) бірінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұрқасын, көктайғақ, жел $15-20$ м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-14,4-17,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстік-шығысында *нормадан 1° төмен* (норма: $-14-16,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде $-23-28^{\circ}\text{C}$ -тан $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың оңтүстігінде *түнде -10°C -қа дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды* деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде $-25-30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың солтүстігінде *-33°C -қа дейін, күндіз $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады*. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде $-6-11^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады*.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан $-23-28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады*. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының *түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы күтіледі*. Содан кейін ауа температурасының *түнде $-23-28^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі күтіледі*. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың солтүстік-шығысында *-19°C -қа дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстігінде *-13°C -қа дейін жоғарылауы болжанады*.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде $-9-14^{\circ}\text{C}$ -тан $-16-21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың солтүстік-шығысында *-26°C* , *күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады*. Содан кейін ауа температурасының *түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ дейін*, облыстың солтүстігінде *-28°C* , *күндіз $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі күтіледі*. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін*, облыстың солтүстігінде *түнде -25°C -қа дейін, күндіз -15°C -қа дейін жоғарылауы болжанады*.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың оңтүстік-шығысында *норма шамасында* болады деп күтілуде. (норма: 10-23 мм).

Қар, бұрқасын, жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі. Тұман екінші және үшінші онкүндіктердің басында, көктайғақ - бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-16,4-18,7^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан 1° төмен (норма: $-15,2-17,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-27-32^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде -37°C -тан $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-17-22^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстікте -27°C -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде -18°C -қа дейін, күндіз $-0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде -28°C -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-10-15^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде -20°C -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде норма шамасында, облыстың батыс жартысында нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 12-25 мм).

Қар бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Бұрқасын, жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады. Тұман екінші және үшінші онкүндіктердің басында болуы мүмкін.



Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-15,3-17,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында, облыстың солтүстігінде нормадан 1° төмен* (норма: $-14,3 -16,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-20-25^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде -32°C -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-14-19^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде -25°C -тан $-9-14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-27-32^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстік-батысында -37°C , *күндіз* $-21-26^{\circ}\text{C}$, оңтүстік-шығыста -15°C дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+3^{\circ}\text{C}$ дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-22-27^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде -20°C дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің ортасында ауа температурасы *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде *түнде* -25°C дейін, *күндіз* -13°C дейін жоғарылауы деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-25-30^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $-15-20^{\circ}\text{C}$ төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -13°C -тан -18°C -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде -11°C дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде *норма шамасында, облыстың қиыр солтүстік-батысында нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 11-26 мм).

Қар, бұрқасын, жел $15-20$ м/с бір ай ішінде жиі болжанады. Көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, тұман үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-13,7-19,1^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың солтүстік жартысында *нормадан 1° төмен*, оңтүстік жартысында *норма шамасында* (норма: $-13,0-17,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстігінде -30°C -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз $-12-17^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстігінде -24°C -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде $-23-28^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін, *күндіз $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін, облыстың солтүстігінде *түнде -32°C -қа* дейін, *күндіз -26°C -қа* дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$* дейін, облыстың солтүстігінде -18°C , *күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$* дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының *түнде $-22-27^{\circ}\text{C}$* , *күндіз $-13-18^{\circ}\text{C}$* , облыстың солтүстігінде -22°C дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде $-17-22^{\circ}\text{C}$* дейін, *күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$* дейін, облыстың солтүстігінде *түнде -28°C* дейін, *күндіз -20°C* дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде $-26-31^{\circ}\text{C}$ -қа*, *күндіз $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа*, облыстың солтүстігінде *түнде -35°C -қа*, *күндіз -28°C -қа* дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде $-16-21^{\circ}\text{C}$ -тан $-22-27^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін, *күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа* дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстігінде *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 11-18 мм).

Қар жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжануда. Көктайғақ айдың ортасында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-11,6-14,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстігінде *нормадан 1° жоғары* (норма: $-11,8-14,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан $-16-21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ - тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-4-9^{\circ}\text{C}$ -тан $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* -13°C -қа дейін, *күндіз* -7°C -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $0-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $-22-27^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-17-22^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 11-20 мм).

Қар жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Жел $15-20$ м/с, бұрқасын бір ай ішінде жиі болжанады. Көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және ортасында болуы мүмкін. Тұман айдың ортасында күтіледі.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-11,5-18,1^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстігінде *нормадан 1° жоғары* (норма: $-11,6-18,1^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -20°C -тан $-25-30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -13°C - тан -17°C -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстік-шығысында -17°C -тан $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, орталығында -29°C -тан, облыстың оңтүстігінде $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-4-9^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $-25-30^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде -20°C , *күндіз* $-12-17^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында -23°C дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -25°C -қа дейін, *күндіз* $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -3°C -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-18-23^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың шығысында -28°C , *күндіз* $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың солтүстік-батысында, оңтүстік-шығысында *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 5-31 мм).

Қар, бұрқасын, жел $15-20$ м/с бір ай ішінде жиі болжанады. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында болуы мүмкін. Тұман айдың ортасында күтіледі.



Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-11,6-20,5^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында* облыстың оңтүстігінде *нормадан 1° жоғары* (норма: $-12,7-20,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-13-18^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-22-27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -32°C -қа дейін, *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -21°C -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $-28-33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $-15-23^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -22°C дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының $-28-33^{\circ}\text{C}$ -тан $-23-28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $-18-23^{\circ}\text{C}$ -тан $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде -22°C -тан -17°C дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстік-шығысында -21°C -қа дейін, *күндіз* $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында -10°C -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың батыс және оңтүстік-шығысында *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 6-46 мм).

Қар жиі бір ай ішінде күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжануда. Көктайғақ бірінші онкүндіктің басында және екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-13,2-22,2^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстігінде *нормадан 1° жоғары* (норма: $-12,8-22,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде 0°C -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында және таулы аймақтарында *түнде* -18°C -тан $-30-35^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-18-23^{\circ}\text{C}$ дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* $-13-18^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде 0° дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының *түнде* $-23-28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -18°C -қа дейін, *күндіз* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және таулы аймақтарда *түнде* -32°C -қа дейін, *күндіз* -23°C -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың батысында -10°C , *күндіз* $-7-12^{\circ}\text{C}$ дейін, таулы аудандарда -17°C дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $-27-32^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде -22°C дейін, *күндіз* $-15-20^{\circ}\text{C}$ дейін, солтүстікте және облыстың таулы аймақтарында *түнде* -37°C дейін, *күндіз* -27°C дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* -12°C -қа дейін, *күндіз* -2°C -қа дейін, таулы аудандарда *түнде* $-27-32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* -19°C -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-24-29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -7°C -қа дейін, таулы аймақтарда *түнде* -36°C -қа дейін, *күндіз* -23°C -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-14-19^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* -26°C дейін, *күндіз* -13°C дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың солтүстік-батысында *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 11-31 мм).

Қар жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжануда. Тұман бірінші онкүндіктің және екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Көктайғақ бірінші онкүндіктің және екінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



Қызылорда облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $-2,5-8,9^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан $1-2^{\circ}$ жоғары (норма: $-4,4-10,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында түнде $+2^{\circ}\text{C}$ -тан -3°C -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан 0° -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстік-шығысында түнде $+5^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+10^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-шығысында $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында түнде $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-11-16^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстік-шығысында түнде -5°C дейін, күндіз 0° дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-1-6^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 8-23 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, қар үшінші онкүндіктің екінші жартысында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Көктайғақ екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Бұрқасын екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел $15-20\text{ м/с}$ бірінші онкүндіктің және екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады.



Түркістан облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $-6,9+2,1^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан $1-2^{\circ}$ жоғары (норма: $-8,1+0,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аудандарында $+4^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында түнде $+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5$ -тан, облыстың оңтүстік-шығысында $+8$ -тан $-3-8$ -қа дейін, күндіз $+7+12$ -қа дейін, таулы аудандарда түнде -12 -қа дейін, күндіз $-3+2$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында 0° -қа дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында -5°C -қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: $14-86$ мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктердің басында болуы мүмкін. Көктайғақ екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады.



Жамбыл облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $-1,3-9,5^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $-3,0-10,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+12^{\circ}\text{C}$ -тан 0° -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -9°C -қа дейін, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде нормадан көп, облыстың шығысында норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 10-46 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндік, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Тұман жиі бір ай ішінде болжанады. Көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-1,6-12,0^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан 1°C жоғары (норма: $-2,6-13,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде -12°C -тан -15°C -қа дейін, күндіз $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -5°C -қа дейін, күндіз $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -2°C дейін, күндіз $+7^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -8°C -қа дейін, күндіз -3°C -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аудандарында -25°C -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -3°C -қа дейін, күндіз $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -5°C -қа дейін, күндіз -2°C -қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 8-38 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, қар екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Тұман жиі бір ай ішінде болжанады. Көктайғақ екінші онкүндіктің және үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел $15-20$ м/с бір ай ішінде жиі болжанады.



Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-4,0-15,2^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $-5,0-16,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-шығысында $+1^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-шығысында $+11^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарда түнде -15°C -тан -18°C -қа дейін, күндіз -4°C -тан -10°C -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында түнде -2°C -тан -6°C -қа дейін, күндіз $+7^{\circ}\text{C}$ -тан 0° дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ дейін, таулы аудандарда түнде -30°C дейін, күндіз -20°C дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -13°C дейін, күндіз -5°C дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде -30°C -тан -27°C -қа дейін, күндіз -20°C -тан -14°C -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -13°C -тан -8°C -қа дейін, күндіз -5°C -тан $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -3°C -қа дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында -9°C дейін одан әрі жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстік-шығысында нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 1-49 мм).

Жауын – шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында, қар бірінші онкүндіктің соңында, жиі екінші онкүндікте күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Тұман айдың ортасында және соңында болжанады. Бұрқасын үшінші онкүндіктің басында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.lz